

ҚАШАНДА ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕ



Халқымыздың бұлбұлы, қайталанбас талантты әншісі Күләш Байсейітова туралы маған бұрын да бірнеше рет қалам тербеуге тура келді. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» газетінің 1972 жылғы 24 қарашадағы «Әнмен кездесу» атты мақаламда Күләш туралы бірсыпыра мағлұмат жазып едім. Әйтсе де, Күләш туралы айтарымызды түгел айтып біткеніміз жоқ. Күләштің қазақ совет музыка мәдениеті тарихында алар орны зор екені кімге де болса белгілі.

Күләшті мен алғаш рет 1933 жылдың көктемінде, Қазақ драма театры сахнасындағы «Еңлік-Кебек» спектаклінде Еңлік рөлінде көрген едім. Сол жолы оның актерлік шеберлігіне, шынайы әншілік талантына қайран қалғанмын. Кейін көп ұзамай мен осы театрда қызмет істей бастадым. Алматыда туып-өсіп, Москва консерваториясында оқып келген жергілікті композитор Дмитрий Мацуцин «Еңлік-Кебек» спектакліне музыка жазған екен. Театрдың сол кездегі бас режиссері Жұмат Шаниннің тапсыруы бойынша мен алдымен сол музыканы орындау үшін оркестр ұйымдастыруға кірістім. Бұл жұмыста маған жергілікті композитор С.И. Шабельский және театр хорының меңгерушісі, әрі әнші Писаренко көмектесті. Он сегіз адамнан құралған бұл коллектив қазақ музыка мәдениеті тарихындағы ең алғашқы симфониялық оркестр болды. Күләш та өмірінде тұңғыш рет осы оркестрге қосылып, «Еңлік-Кебек» спектаклінде ән салған еді. Осылайша біздің шығармашылық ынтымақтастығымыз осылай басталған-ды.

1938 жылдың күзінде мен Қазақ мемлекеттік филармониясында қазақ халық аспаптары оркестрінің көркемдік жағын басқарушы және бас дирижер болып қызмет істей бастадым. Филармония концерттеріне жиі қатысып тұратын Күләштің сол кезде СССР халық артисі деген құрметті атағы бар болатын. Ол Опера театрында басты партияларды орындайтын. Кездескен сайын кейбір халық әндерін өңдеп беруге ұмтылатын. Қазақтың халық әндерін орындауды өзіне үлкен абырой санайтын.

Күләштің ұсынысы бойынша ең алдымен «Еңлік-Кебек» спектаклінде оркестрге қосылып жүрген «Еңліктің қоштасу әнін» фортепиано сүйемелдеуінде орындауға бейімдедім. Бір күні әуесқой жас өнерпаздардың республикалық байқауында Қызылордадан келген бір қыз бұрын естімеген «Илигай» әнін орындады. Жюри мүшелерінің ішінде Күләш екеуміз де бар болатынбыз. «Жүріңіз, Ләтеке! Әлгі бала кегіп қалғанша, «Илигай» әнін жазып алайық!» – деді Күләш. Бұл оның халық музыкасына деген

махаббатының белгісі еді. Ол әнді де мен өндеп, нотаға түсіріп, Күләшқа бердім. Сол кезде әуесқой композитор Садық Кәрімбаевтың тұңғыш әні «Ақтамақ» та менің өндеуімде Күләштің репертуарына енді. Осы аталған үш әнді де Күләш кейін грампластинкаға жазғызды. Содан бері де қырық жылдай уақыт өтіпті. Мен осы күнге дейін сол күйтабақтарды аса қадірлеп сақтап келемін, тындап, Күләш замандасыммен бірге болған бақытты кезеңдерді еске аламын.

1940 жылы Қазақстанның 20 жылдық мерекесіне арнап жазушы Сәбит Мұқанов «Екі той» атты бір актілі радиопьеса жазды. Сол пьесаға арнап мен шығарған музыкалық туындылар ішінде кейін жұртқа кең тарап кеткен «Қазақ вальсі» де бар болатын. Бұл әннің де алғашқы орындаушысы – Күләш. («Лениншіл жас» газетінің 1980 жылғы 26 тамыздағы санында «Қазақ вальсі қалай туды?» деген мақала басылып шықты. Сондықтан, сол жерде айтылған мәліметтерді мұнда қайталаудың қажеті жоқ сияқты.)

1941 жылы неміс-фашист басқыншылары Отанымызға соғыс ашқан қиын күндердің бірінде Күләш маған телефон шалып: «Ләтеке! Қазір өнер қайраткерлерінің ең бірінші міндеті – Ұлы Отан соғысына арналған патриоттық шығармалар тудырып, оларды жұртқа насихаттау ғой! Сіз де сондай бір ән жазбайсыз ба?» – деді. Күләштің қолында Мәриям Хакимжанова арнайы жазып берген бір өлең бар екен, оның қайырмасы: «Аттанайық қару алып майданға! Жауды жеңеміз майданда!» – деп келетін. Осы әнді Күләш радиода және филармониядағы концерттерінде талай рет орындап жүрді.

1944 жылы февраль айында Орта Азия республикалары мен Қазақстан музыка өнерінің онкүндігі өткізілді. Сонда біздің әлі жазылып жатқан «Абай» операсынан үзінділер орындалды. Ажардың ариясын Күләш айтып еді. Концертке келген халық опера арияларын сүйсініп тыңдап, қол шапалақтап қарсы алды. Авторларды шақырған соң, Ақаң екеуіміз сахнаға барып, халыққа тағзым еттік, орындаушыларға рақмет айттық. Осыдан соң «Абай» операны аяқтау үшін Алматы маңындағы Ақсай демалыс үйінде орналастық. Режиссерлер – Құрманбек, Қанабек, Күләштер жиі келіп, операның жазылып біткен арияларын тыңдап, бізге игі тілек, ізгі пейілдерін білдіріп кетуші еді.

1944 жылдың 24 декабрінде «Абай» операсы үлкен табыспен сахнаға қойылды. Ажардың рөлін алғаш рет Күләш атқарды. Тамаша әнші, шебер актер Күләштің спектакльге қатысуы операның сәтті шығуына үлкен әсер етті.

Әрине, Абай рөлін алып шыққан Ришат Абдуллин, Айдар рөлін атқарған Әнуарбек Үмбетбаев және басқалар да шабытпен ойнап, шалқар бір кеңістікке шақырғандай болды.

Енді, Күләш жақсы көріп, ең алғаш рет орындаған шығармаларының бәрін атап жатпай тек екеуіне ғана тоқталып өтейін. 1946 жылдың көктемінде республика жұртшылығы қазақтың ұлы халық ақыны Жамбылдың 100 жылдық мерекесін кең түрде атап өтті. Салтанатты жиналыстан кейін концерт болып, бірінші бөлімінде Қалижан Бекхожиннің сол мерекеге арнайы жазылған пьесасы бойынша «Жамбыл мен Айкүмістің айтысы» деген бір актілі музыкалық спектаклі қойылды. Оның музыкасын мен жазып едім.

Сонда Жамбыл рөлін Құрманбек Жандарбеков, Айкүмісті – Күләш Байсейітова орындады. Жамбыл мен Күләш бір-бірін сыйлап, бағалай білетін.

Айкүміс рөлін орындауға бірден келісіп, аз уақытта музыкасын үйреніп, сахнадағы бейнесін шеберлікпен жасады.

Ахмет Жұбанов екеуміз бірігіп жазған «Төлеген Тоқтаров» операсында Күләш партизанка Люба рөлін ең алғаш орындады. Соғыс жылдарында концерттік бригадалармен майданға барған Күләшқа партизанка Любаның ой-сезімі, тағдыры өте түсінікті еді. Күләш соңғы жылдары П. Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсында – Татьяна рөлін, Пуччинидің «Чио-Чио-сан» операсында Чио-Чио-сан рөлін, сондай-ақ М. Магомаевтың «Нергиз» операсында – Нергиз образын, Н. Жигановтың «Алтыншаш» операсында – Алтыншаш рөлін, Палиашвилидің «Даиси» операсында – Маро рөлін қазақ сахнасында ең алғаш орындады. Күләштің концерттік репертуарында қазақ әндерімен қатар орыс, армян, украин, латыш, поляк тағы басқа халықтардың әндері болды.

Халқымыздың талантты қызы Күләш Байсейітова арамызда жүрсе, бүгінде оның 70 жасқа толуын тойлайтын едік. Бірақ мейірімсіз ажал оны ерте алып кетті. Артында мәңгі өлмес өнері, абыройы және халқының өшпес махаббаты қалды. Бүгінде Күләштің жолын қуған талантты шәкірттері де көп. Олар да өнер бұлбұлының есімін әрқашан құрмет тұтып, өздеріне үлгі ете береді. Күләш есімі мен өнері – мәңгі ұмытылмас құбылыс!

*Күләш Байсейітова / Құраст. Аклима Омарова. – Алматы: «Өнер», 2012. – 111-114 б. (қазақша, орысша)*